

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 мамыр N 646. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.27. N 484 қаулысымен. ~P980484

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органы туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.11.30.

N 1458 қаулысымен. P961458_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851

қаулысымен. P970851_

3. Облыстардың әкімдері тиісті-әкімшілік аумақтық бірліктің шекарасында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша коммерциялық мақсаттарда кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органдарды айқындасын.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне және оның аумақтық бөлімшелеріне кең таралғандарды қоса алғанда пайдалы қазбалардың барлық түрі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған контрактілерді тіркеуге өкілеттік берілсін.

5. Кәсіпорындарды жекешелендіруге әзірлеуді және инвесторлармен осы процеске қатысты келіссөздер жасауды тиісті салалық министрліктер жүзеге асырады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 5-тармақпен толықтырылды, 5-тармақ 6-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.11.30. N 1458 қаулысымен.

P961458_

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзырлы органы мен жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру (мұнайгаз) кәсіпорыны арасындағы Пайдалы қазба кенінен кен өндіруді жүзеге асырудың модельдік шартын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 маусымдағы N 882 P950882_ қаулысының 2- тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
27 мамырдағы
N 646 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында
жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны
орындау жөніндегі Құзыретті органы туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органы (бұдан әрі - Құзыретті орган) Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасаумен және оны орындаумен тікелей байланысты құқық беретін мемлекеттік орган болып т а б ы л а д ы .

2. Құзыретті орган өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3 . Қ ұ з ы р е т т і о р г а н :

Қазақстан Республикасы мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;
жер қойнауын пайдалануға лицензиясы болған кезде ғана контракт жасауға;
контракт шарттарының лицензиялық шарттармен сәйкес келуін қамтамасыз е т у г е ;

контрактілерді экономикалық, салықтық және экологиялық сараптамалар жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген мемлекеттік

орғандарға жолдауға;
мемлекеттік сараптау мен пайдалы қазбалар кен орындарының қорларын бағалаудан кейін оны өндіруге контракт жасасуға;
контрактіні әзірлеу және контрактінің шарттарын лицензияда көрсетілген мерзімдерде орындау үшін толықтай жауапкершілік жүктеуге;
контракт шарттарының экономикалық, салықтық сараптаманың нәтижелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге;
оны контрактінің тараптары қол қойған күннен бастап 10 күннің ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген тіркеу органдарына жолдауға міндетті.

4. Құзыретті органның функциясына:

жер қойнауын пайдаланушымен (лицензиятпен) контрактінің шарттары туралы келіссөздер жүргізу және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп контрактінің жобасын әзірлеу;
контрактіге қол қою;
контрактіні Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген органға (тіркеу органына) мемлекеттік тіркеуге ұсыну;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша басқа мемлекеттердің контрактінің орындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуші тиісті органдармен келіссөздер жүргізу және келісім жасасу;
контракт шарттарының орындалуын бақылау;
сараптауды ұйымдастыру және жер қойнауын пайдаланушылар контракт шарттарын жүзеге асыру үшін жасаған жобалау технологиялық және техникалық-экономикалық құжаттарды бекіту кіреді.

5. Құзыретті органның:

контракт шарттары бойынша жер қойнауын пайдаланушылармен тікелей келіссөздерде Қазақстан Республикасын көрсетуге;
контракт құжаттарына тәуелсіз сараптама жүргізу үшін сарапшылар мен консультанттарды тартуға;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан контрактіге қол қоюға;
Қазақстан Республикасының лицензиялық органына контрактіні дайындау және оны жүзеге асыру барысында лицензияның шарттарын өзгерту туралы ұсыныс жасауға;
жер қойнауын пайдаланушыдан контракт шарттарын орындаудың жүйелі және іріктемелі есебін талап етуге;
жер қойнауын пайдаланушының контракт шарттарын орындау жөніндегі қызметіне мониторинг пен таңдап тексеруді жүзеге асыруға және бұл мақсаттар үшін аудиторлық және басқа ұйымдарды, мемлекеттік атқарушы органдардың өкілдерін тартуға құқығы бар.

6. Құзыретті орган контрактінің жобасын әзірлеу мақсатында жер қойнауын пайдаланушымен дербес келіссөздер жүргізеді, ол үшін Құзыретті орган контракт жобасын әзірлеу процесінде қажетті консультациялар алу үшін өз кезегінде мұндай консультациялар беруге міндетті кез-келген мемлекеттік органға хабарласуға құқығы бар жұмыс тобын ұйымдастырады.

Контракт жобасының экономикалық үлгісі мен салық салу жүйесі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бірлесіп белгілейді.

7. Құзыретті орган контракт шарттарын жүзеге асыру үшін жер қойнауын пайдаланушының тарапынан жасалған жобалық технологиялық, техникалық-экономикалық құжаттарды сараптауды ұйымдастыру, қарау және бекіту мақсатында, одан әрі жасалған контрактілер шарттарының орындалуын бақылау үшін тұрақты қызмет істейтін жұмыс органын (комиссия) құрады.

8. Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушының арасындағы контрактіге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Құзыретті органның бірінші басшысы қол қояды.